

Аболат ЭЛИХАНҰЛЫ  
(Аупбаев)

~~Мак Стюарт~~

Алан Стюарт  
Мак Стюарт

Дж. Стюарт

Квітка

А. Стюарт

Bill Courtney

Александр Кривошуков

Б. Томашев

Ольга Григорьева

Ахмет Розаев

**Жанболат ЭЛИХАНҰЛЫ**  
**(Аупбаев)**

# Автограф

*Эсселер*

“Елорда”  
Астана – 2005

ББК 84 ҚАЗ 7  
Ә 54,

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ  
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Әлиханұлы Жанболат (Аупбаев).**

**Ә 54** Автограф. *Эсселер.*  
— Астана. Елорда, 2005 — 248 бет.

ISBN 9965-06-230-7

Журналист Ж. Әлиханұлы (Аупбаев) бүл кітабында тағдыры қызық, сирек мамандық иелері туралы ой толғайды. Олар — түрлі үлттың өкілдері. Көбінің Қазақстанмен тікелей не жанама болса да әйтеуір бір қатысы, байланысы бар. Журналистік жолсапардың әр кезеңінде осындай, ягни Э. Генри, Г. Боровик, А. Кривицкий, И. Конур, М. Калашников, Ю. Сенкевич сияқты кейіпкерлермен жүзбе-жүз кездескен автор олармен арадағы болған пікір алысу сәттерін әсерлі баяндайды.

Кітап көпшілік қауымға арналған.

Ә  $\frac{4702250000 - 348}{450(05) - 05}$

ББК 84 ҚАЗ 7

ISBN 9965-06-230-7

© Әлиханұлы Ж., 2005  
© “Елорда”, 2005

# **Сенің сөйлемдерің ән салып тұрады**

*(Алғы сөз орнына)*

Жанболат! Кісінің кейде саясат үшін сырттай құрметтеп, іштей іркіліп өз пікірінде қала беретін сөттері қаншама?! Ал, мен қатар өсіп, қатар келе жатқан жігіттерді бір-бірінен бөлмей, бәрін де жақсы көремін. Оның ішінде өзінді қадір тутамын деп айтсам өзімді де, өзгені де еркін сендеремін.

Мөлдір, таза шағымыз, қалыптасу кезеңіміз жастардың арманына айналған “Лениншіл жаста” өтті. Сейдахметтей сайыпқыран спорт журналисі саясында, адал да аяулы сыншы Сағаттың қанаты астында өтті. Біз оларды аға тұттық, олар бізді бала тұтқан жок. Қыран бүркіттей баптап салды. Біз де аянып қалмадық. Сөйтіп, біз “лениншілжастықтар” болып табыстық!

Сенің өткен өмір жолыңа қарасам, қарымды қаламыңды ылғи да бір қазактың кезінде рухани ерлік жасаған, сойте тұра төсін соқпай, саябыр жүретін біртуар перзенттері мен Қазақстан табигатындағы, тағдырындағы тосын жайларға арнапсың. Журналистикада да біреуді ағалаған, біреуді сағалаған пысықайлар аз болмаған. Ал, сен қашандығыдай тың тағдыр иесін, жер, ел киесін тосын қырымен жалт еткізіп көрсетумен келесің. Жақсыны жақсы деп айту қын емес, бірақ жақсылығын көрсете білу — шарт. Еңбекті — еңбек, ерлікті — ерлік деп айту қын емес, бірақ еңбеккерді, ерлік иесін, оның жан-дүниесін ашып көрсету — шарт. Сен қарапайым көріністен кастерлі құбылысты аша білдің. Тосын тағдырларға мен де құмар едім. Сенің очерктерінді өзім жазғандай қуана оқыр едім, аяулы Жәке! Иштей бәсекелесіп, іштей жарысып, мен жазсам бүйтер едім деп те отыратынмын туындыларынды оқығанда. Қалай дегенде де сол тақырыпты сенен артық, сенен айшықты жаза алмайтынды іштей

мойындал, сенің туындыларыңа сүйінүмен, қол соғумен сабама түсетінмін. Әрбір әдемі очеркінді оқыған сайын кабинетіне арнайы барып, алғасыз адал қоңылден құттықтал қайтатыным есінде шығар! Сенен де талай құттықтау, кошемет көрдім. Керек болса мені жастар газетінен соз сойлеп, жақсы тілек тілеп, шығарып салған да өзің! Біз баспасөз қабыргасында солай туыстық!

Мен тәнті болып қарайтындаі очерктерінде нендей ерекшелік бар?

Алдымен айттарым — тақырыбың тосын.

Екіншіден, кейіпкерінді тағдыр ретінде тұлғалай білесін.

Үшіншіден, өзің сырттай кимелей бермей, кейіпкеріңе мүмкіндік бересің.

Төртіншіден, кейіпкеріңнің жандуниесі булығып қалмай, жан-жакты, толықанды түрде ашылады.

Бесіншіден, біліп, танып зерттеп жазасың. Тақырыпты білуің сені озыктандырып түрады.

Алтыншыдан, очерктерінде сенің тазалығың, жандуниең сәулеленіп корінеді.

Жетіншіден, тілінді төгілтіп, мөлдіретіп жазасың.

Сегізіншіден, фотоархив материалдарын ұсынықты пайдаланаңын.

Осының бәрі жинақтала келе: “Мен Жанболат Әлиханұлы Аупбаевтың қаламынан шыққан перзентімін”, — деп сейлеп түрады туындыларың. Әгараки сол материалдарға сен қол қоймасаң да мен: “Е, мына материалды Жанболат жазғанғой...” — деп бірден таныған болар едім.

Кейде көркем прозада да ырғақ болмай қинаиды, кісіні. Оқып отырып жіп жүтқандай боласың. Ал, сен жазған дүниелерде әдемі ырғақ бар. Сенің сойлемдерің ән салып түрады, көкетай!

Сен осылай қаншама кісіні ел есіне салдың. Қаншама кісі сенің очерктерін арқылы ел көзіне қайта көрінді. Қаншама қағажу қалған таңғажайып тағдыр иелері сен арқылы оқырмандарға сырын айтып, шерін тарқатты, ішкі қазынабайлығын актарды. Көп... құдай-ау, көп қой олар. Көбі соның бүгінде дүниеден өтіп кетті. Ал Жанболат жазған дүниелер сол аяулыларды арамызда аман жүргендей, жадымызда сақтатып келеді. Біз саған қарыздар болмағанда, кімге қарыздармыз, енді?! Айтышы, өзің айтшы Жәке!

Сол ағаларымыз ерлік жасадым деп жүрген жандар емес еді ғой. Сен барып, ол кісілер жасаған ерліктерді айттың. Бұл ретте, сениң еңбегің, кезінде ерлік жасап, бірақ награда алғанынан бейхабар талай жауынгерлерді іздеп, тауып, наградасын тапсырған “Брест корғаны” кітабының авторы, Лениндік сыйлықтың лауреаты, документалист жазушы С.Смирновты еске түсіреді.

Очерктерің, портреттерің мен суреттемелерің арқылы тұлғаланған тек адамдарғана емес, қазақ жері, ан-құс, табиғатын да мөлдіретіп жаздың. Қазақдаласына қоқтемнің келгенін, Наурыздың жеткенін “Ләйлек келеді, ләйлек!” — деп хабарладың. Қоқтемнің келгенін өркім-өркім-ақ айттарау. Хабарлай салудың қандай киындығы бар? Ал, жылдың жаңарып, табиғаттың түлеуін ләйлек күс арқылы айту — ұсталық! Образ ғой, образ! Сениң очерк, суреттемелерің көркем прозаны ауыстырмасы белгілі. Кейбіреулер секілді очеркінді көркем проза деп ұсынған жерің сірә де жок. Әр жанрдың өз табиғаты, соған орай талабы болары мәлім. Ал, арқалар жүгі, берер рухани азығы — жанрга қарап жатпайтын мәселе. Сениң, өлгіндегі бір одемі суреттеме, ойлы очерктеріңің арқалар жүк, оқырманға берер рухани жанбайлышы мол деп білемін. Бұл орайда, “Комсомольская правдадағы” В. Песковтың орыс оқырманына берген рухани сусынын сен өз дүниелеріңмен қазақ оқырмандарына берген жансың, Жәке!

Кейіпкерлерің сирек, ғажап жандар! Конструктор М. Калашников, фотограф И. Будневич, археолог К. Ақышев, акын О. Сүлейменов, киноактер С. Санбаев, халықаралық шолушы Г. Боровик, орнитолог Е. Әуезов, альпинист К. Үәлиев, селекционер-натуралист Р. Рязапов, саяхатшы Ю. Сенкеевич...

Өміріміз міне, осындағы өзге жандарды тану, танытумен өтіп келеді. Адам өзгени тану арқылы да өзін таниды. Әсіресе, өзім деген азаматтардың журіс-тұрыс, ой-арманын бақылау арқаландырады, өзінді жете тануға итермелейді. “Күрдастарыма хат” атты сериялы мақалалар жазу барысында өзімді сендер арқылы танып жүрген жайым бар. Халыққа тұлға болған тағдырларды тану мен танытуда сен алдына жан салмай келе жатқан жансың, Жанболат! Енді өзінді де тани жүретін жаска жеттің. Сол ойды ишарапалап бірде өзіңе діндар философ Бердяевтің “Самопознание” аталатын

философиялық мемуарын сыйлағанмын. Өзінді тани жүру, талдай жүру де керек шаруа. Әсіресе, жас келген сайын керек мінез, керек қасиет. Бірақ, бұл сенің айтарың таусылды деген сөз емес. Өмірің айдындана түскен сайын, айтарың ауқымдана түсірі хак. Тек журналистік желкенінді керіп ұста! Қолынан ескегің түспесін!

Қадірлі дос!

Алда біз күтетін, жетсек деп армандастын жас асулары келеді. Жас кешулерінен ешкімге қиянат жасамай абыраймен етіп келеміз, жас асуларына аман көтерілейік, шығармашылық табыстармен жетейік! Соңғы жылдары “Елорда” баспасынан жарық көрген “Бізге беймәлім бейнелер”, “Елім менің ертегі”, “Өмірге таңдана қара!” атты кітаптарыңмен оқырмандарға енді жол тартқалы отырған “Автограф” атты еңбегіңің қолжазбасын жата-жастана оқып шыққаннан кейінгі өдемі өсерден соң мен саған осындей тілек айтқым келеді.

Күлбек ЕРГӨБЕК,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор.

Түркістан.

Алматының мемлекеттік музейінде орнашылған «Көлі Күрған» сарбаси Ханғонов

## Мамлакат НАХАНГОВА



Сәлеметсіз бе, апай!

— Хуш омадед!

Кездесудің алғашқы сәтінде осы бір сөздерден кейін мен өзімді сәл-пәл еркін сезінгендей болдым. Қараймын, денесі орта бойлыдан сәл қалқынқы келген оның қымылты тіктен ширак, Шығыстық сөйлеу мөнегі басым қоңыр үнінен кішіпейілділіктің, адамды жатырқамайтын бауырмашылдықтың лебі еседі. Сырт көздің шағын уақыт аралығындағы шамалап үлгерген сыншыл өсері койсын ба! Дегенмен, дәл қазіргі сөtte қарсы алдымызда отырған осы бір жанды өзіміз білетін өміrbаянына қарап, енді баршын жасынан асты деудің өзі қын сиякты.

— Faфу етіңіз, — деді сәл үнсіздіктен кейін ол: — Жаңа бір өзірде ғана тәжік телевизиясының\* жастар редакциясы осында телефон соққан еді... Орталық газеттердегі маған қатысты әлдебір мақалалардың шыққан мерзімін анықтап беруді сұрайды. Егер асықпасаңыз, сол шаруаны реттеп тастаған соң әңгімелессек...

— Жарайды!

Жүрек луп-луп соғады. Менің қарсы алдымда есімі бүкіл елімізге таныс даңқты адам отыр. Аз уақыттан сон ол дауылназ дәүіріміздің отызынши жылдардағы жалын жігер жас туlectері жайында әңгіме қозғамақ. Сонда бұл кісі кім дейіз фой? Мамлакат Нахангова!

Оның есімі біздерге — әліппеден таныс деп айтуда өбден болады. Бертін келе төртінші кластиң “Ана тілі” кітабы беттерінен, жас өспірімдерге арналған деректі әңгімелерден ол жасаған ерлікке таңырқап та жүрдік. “Еліміздегі мектеп окушыларының арасында алғашқылардың бірі больп Ленин орденін алған қызы?” “Бір кунде 102 килограмм мақта терген кішкентай стахановшы”. Міне, осы сөздерді білетін біз қара торы қағылез қыздың суреттерін пионер бөлмелерінің қабырғаларынан бертінгө дейін жи үшырататынбыз. Енді, міне, арада көп жылдар өткен соң, алпысынши жылдардағы арманшыл жастардың бір өкілін тағдыр сол адаммен кездестіру бақытына ие етіп отыр.

\* Кітаптағы 1991 жылға дейінгі жазылған дүниелерде кездесетін кейір атаулар сол кездегі сөз колданысына сәйкес өзгертілмей алғынды.

Мамлакат Нахангова, Коля Курмин, Барасби Хамгоков, Мамет Гасанов, Роза Шамжанова... Иә, бұл есімдер еш уақытта да ұмытылмақ емес. Олар советтік пионерия тарихында өздерінің елеулі еңбектерімен, өнегелі істерімен мәнгі өшпес із қалдырды гой! Аталмыш жастар өкілдері сол кездегі жаппай аттаныс — социалистік құрылыштың нығайып, өркендеуіне мектеп табалдырығында жүріп үлес қости.

Мениң ойымды үй иесінің үні үзді.

— Сіздің маған қандай сұрақтар қоятыныңызды толық білмесем де, жалпы жобасын етеп шамалайтын сияқтымын, — деді Мамлакат апай сөл күлімсірей түсіп. — Бірақ алдымен екеуміз бір нәрсеге келісіп алайық. Ол — тек қана шындықты жазу. Мәселен, жер басып жүрген 58 жылдық өмірімде мен М.И. Калинин, А. М. Горький, Н. А. Островский, Ә. Лахути сияқты адамдармен жүздескен жанмын. Совет делегациясының құрамында Мәкеңмен, сіздердің Мәлік Фабдуллиндерінізben, бір рет сапарлас та болдық. Басқаны былай қойғанда мен халқымыздың осы аяулы ұлдарының бойынан өзім байқаған абыз қасиеттер үрпактарымызға үлгі аларлықтай болып жетсе екен деймін. Келістік қой?

— Келістік!

...Шағын бөлме. Шағын терезе. Эйнек сыртынан Айни көшесіндегі қала шуылы құмығып естіледі. Одан әріректе Памир мунартады. Бұл мениң жанарымдағы сурет. Ал ойымда, иә, ойымда осыдан қырық жыл бұрынғы Сталинабад (Душанбе) қаласының іргесіндегі Шахмансур қышлағының тіршілігі елес береді. Мамлакат онда не бары алты жаста. Көп ештеңені түсінбейтін кезі. Айналадағы болып жатқан дүрбеленғе, курайыштарын көздеріне баса киген басмашылардың ауыл тұрғындарына көрсетіп кететін қоқан-локсына ол тек қана сәби санасындағы “жақсы”, “жаман” деген сезіммен ғана қарайды.

Бірақ мына бір қуанышты сәт оның есінде. Бұл 1933 жылдың жазы болатын. Файзабад пен Көкташ қышлағына кіре тасып жүрген өкесі бір күні үйге қуанып келді. Оның айтуынша, өзі сияқты дикандар колхозға кірген. Ол сол жерде орталықтан келген өкілмен сөйлесіпті. Ертенен бастап “Лахути” атындағы колхозға бұларды да мүшелікке қабылдамақ. Сол күннен бастап “колхоз” деген сөз олардың үйінде жиі естілді. Ата-анасының жузінен шаттық лебі есіп, еңсесі көтерілді. Мамлакат тұңғыш рет мектепке барды.

— Ол уақыт еліміздің алғашқы бесжылдықты төрт жылда орындалған шыққан ерлік кезеңі еді, — дейді осы арада әңгіме иесі. — Шынын айтқанда, бұл алып құрылышқа тән алапат қимыл болатын. Енді алда тағы бір үлкен міндет тұрды. Ол -- 1933 жылдың басталған екінші бесжылдықты да табыспен қорытындылап шыгу еді. Бұл жоспар ауқымының кеңдігі сонша, еліміздің еңбеккерлері атамыш мерзімнің ішінде 83 миллиард сомның қаржысын игеруі тиіс болды. Оны қалай, қайтіп жузеге асыру керек дейсіз ғой? Адамдардың ынта-жігерімен!

Сол бір жылдарда донецкілік шахтер забойда құлақ естіп, көз көрмеген ерлік жасады. Мұны іле-шала миллиондар қолдады. Ал мектеп оқушылары арасында елімізде болып жатқан осы жаңалықтар пионер дружинасының жиналыстарында кеңінен талқыланатын. 1934 жылдың коктемінде пионерлер мен жас оспірімдер арасында жас егіншілер, жас малишалар мен тол осірушілер қозғалысы кеңінен орістеді. Міне, осы бастамалар ізімен біздің “Лахути” колхозының Н.К. Крупская атындағы мектебінде мен де түнгиз рет макталық алқапта сибек стүге тілек білдірдім.

...1935 жылдың күзі де келді. Колхоз кеңсесінің маңдайшасындағы репродуктор бүкіл қышлақ тұрғындарының құлағын слең еткізіп мынадай жаңалықты хабарлады: “Шахтер Алексей Стаканов бір сменада 102 тонна комір қазып, әлемдік рекорд жасады!”.

102? 102?.. Сол күннен бастап осы бір цифр Мамлакаттың ойынан кетпей-ақ қойды. Ақыры ол мынаған бекінді. “Донецкілік рекорд иесінің сменалық нормасы 102 тонна комір қазу болса, менің күндік көрсеткішім 102 килограмм макта жинау болсын!”.

Алғашқы күн ол өзінің кун сайын теріп жүрген 90 килограммынан 5 килограмм асып жыбылды. Өкінішке қарай, бұдан кейінгі күндері өзі игерген осы белестен ары аса алмай-ақ қойды. Ақыры 102 деген цифрға да жетті-ау! Мамлакат қуанғанынан жылап жіберіп, жүйек басына отыра кетті.

— 1935 жылдың макта жинау науқапындағы озат енбегім үшін мен Тәжікстан өлкелік комсомол комитетінің грамотасына ие болдым, — деді осы арада сол үзіліс жасаған Мамлакат апай. — Бұл награданы “Лахути” (қазіргі “Ленин жолы”) колхозының басқарма жиналысында өлкелік

комсомол комитетінің сол кездегі бірінші секретары А. Герасимов өзі әкеліп табыс етті. Колымдағы грамотаны коруге туыстарым сонау көршілес қышлақтардан ерінбей-жалақпай іздеп келгені өлі есімде. Бір жапырақ қағазды борі қолдан-қолға откізіп қызыға қарайды. Қарайды да касиетті зат ұстағандай таңырқайды. Ал колхоз председателі осы жиналыста өзге еңбек озаттарының қатарында маған көдімгі шығыс кебісін сыйға тартты. Сыйлықтың бұл түрі қазіргі жастарға құлқілі болып көріні мүмкін, орине. Бірақ ол кезде аяқ киім дегеніңіз біздің қышлақ, үшін өтс қымбат зат еді.

— Ио, деймін мына өңгімен соң мен іштей! — Уақыт неткен жүйрік еді, шіркін! Мынау қазіргі гүлденген республикада бір кездері қарапайым нәрсенің өзі қат болды дегенге кім сенер? Немесе осыдан қырық жыл бұрын бір қышлақта бір радио нүктесі бар сді дегенге кім иланар? Ал қазір ше? Мұнда бәрі де өзгерген. Республикада дербес Фылым академиясы, бес жоғары оқу орын бар. Ал “Памир” тоңазытқыш заводы, Душанбе мақта-мата комбинатының өнімдері болса мемлекеттік Сапа белгісіне ие. Тәжікстан бұл күндері 49 шетелге жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шыгарады. Еліміздегі алып құрылыш, куаты 2 миллион 700 мың киловатқа тең Нұрек ГЭС-і де осындағой. Ертеңі өртегіге бергісіз бақытты қоғамның бір көрінісі деп осыны айтуда болар, сірә!

— Күзі жынын-терін аяқталған соң, республика басшылары мені Орта Азия колхозшыларының Москвада өтетін кеңесіне жіберді, — деді Мамлакат апай арада орнай қалған үсісіздікті бұзып. — Біз Москвага келгенде ноябрь айының аяқ шені еді. Қар жапалақтап жауып тұрды. Елді ойладым. Мынау қыста адамдар қалай өмір сүреді деймін ішімнен. Жолбасшымыз колхозшылар делегациясын метромен алып жүрді. Ол кезде Қырым аланынан “Сокольники” станциясына дейінгі аралықта алғаш рет жер асты жолы пайдалануға берілген болатын. Біздер үшін мұның бәрі де тансық, әрі қызық корініс еді.

— Үлкен кісілермен сонда жүздескен шығарсыз...

— Иә... Ол мениң оміріндегі ең бір жарқын кезеңдер ғой! Кездесудің негізгі себепшісі тәжік әдебиетінің көриекті оқілдерінің бірі — Әбілқасым Лахути болды. Сол жылдары Москвада тұрған ол делегаттар жатқан мейманханаға келіп,

жазушылар А. М. Горький мен Н. А. Островскийдің бір топ колхозшыларды көргісі келетінін айтты.

...Арбат көшесін бойлай жүріп келеміз. Ескі ұлгімен салынған екі қабат үйдің баспалдағын жайлап басып, сол жаққа бұрылғанымызда, бізді жауырыны еңкіш тартқан шалғы мұртты кісі карсы алды.

— “Стахановшы қызымыз” мынау ма? — деді ол бәрімізбен амандастып болған соң. Гүрілдеген даусында карттарға тән қуакылық бар.

— Иә, Алексей Максимович!

— Жарап тұрсын, балақай.

— Қарт адам осы сөздерді айтты да, бір ауық колхозшылармен әңгімелесіп кетті. Ол Орта Азиядағы жаңа өмірді, халықтың тұрмыс-тіршілігін қызыға сұрады. Диқандар оның сауалдарына жауап беруде.

— Сіздер қазір ерлік кезендей бастаң кешіріп жатырсыздар, — деді Алексей Максимович созінің сонында. — Қараңыздаршы, он екі-он үш жасар мынау бұлдіршінді егіс даласында енбек ет деп ешкім зорлаған жоқ қой! Бұлардың қазір ештеңені ойламайтын, алаңсыз балалық шағы емес пе? Бірақ ұлы өзгерістер дүмгүі бұларды да өзіне қызықтырып тарта бастаған. Демек, сіздерде, сіздердің аймақтарыныңда өрлеу бар. Ал саған айтарым, қызым, енбек етумен бірге оқы. Көп оқы. Тағы да оқы!

Осы бір сөздерді мен Николай Алексеевич Островскийдің де аузынан естідім. Біз барғанда жазушы сол кездегі Одак комсомолы Орталық Комитеті секретарларының бірі Александр Косаревпен әңгімелесу үтінде екен.

— Рекорд иесі мына нәзік саусактар мен құйтақандай қос алақан ба? — деді ол қолымды қармап. — “Кішкентай стахановищмен” кездескеніме қуаныштымын! Біздің қоғамымыз сендердің энтузиазмдеріннен тұрады. Осыны есте үста, жолдас пионер!”

...Сол сәтте дыз етіп есік қоңырауы белгі берді. Үзілген әңгімеге ғафу өтінген үй иесі сыртқа беттеді де, аз-кем уақыттан соң кішкентай бұлдіршінді ертіп қайта оралды.

— Немерем Мехередот, — деді Мамлакат апай. — Демалыс күні жалғызысыратпайын деп әжесін іздең келген түрі.

Сөйтті де сәбиді көрші болмеге ертіп әкетті.

Мен терең ойда отырмын. Коз алдыннаң әңгіме иесінің өзім білетін кейбір өмір жолдары елес берді. Соның бірі —

Ұлы Октябрьдің 60 жылдық мерекесі қарсаңында орталық теледидардан көрсетілген “Біздің өміrbаян” атты қоp сериялық документті фильм.

...Кремльдегі қабылдау бөлмесі. Бүкілодақтық Атқару Комитетінің Председателі М. И. Калинин Москвада өткен Орта Азия мен Қазақстан колхозшыларының кеңесіне қатысушы бір топ еңбек иелеріне үкімет наградасын тапсырып жатыр. Мойындарына алқызыл галстук байлаған үш мектеп окушысына да кезек келді. Диктордың сөйлем түрған даусынан біз бұл бүлдіршіндердің осы кеңеске қатысушы делегаттар — тәжікстандық Мамлакат Нахангова, өзбекстандық Ишан Қадыров пен Хавахан Атақуловалар екенін естіміз. Бүкілодақтық төраға Мамлакатқа Ленин, ал Ишан мен Хаваханға “Құрмет Белгісі” орденін тапсырып, мейірбан жұзбен игі тілектер айтуда.

— Апай, — дедім мен үй иесі қайтып оралған соң, — 1935 жылдан кейін өзінізге үкімет наградасын тапсырган үлкен адаммен қайта кездесудің сәті түсті ме?

— Болды. Ол 1942 жылы ғой, шырағым. Ұлы Отан соғысының ауыр қүндерінде майдандағы бөлімшелерге әр республика өзінше азық-түлік эшелонын дайындағы емес пе. Тылдағы тәжік колхозшыларының үлесіне қоршауда қалған Ленинград тиді. Ол кезде мен Тәжікстан комсомолы Орталық Комитетінде қызмет істейтімін. Бір күні республика Жогарғы Советі Президиумының сол кездегі председателі Монавар Шагадаев жолдас шақыртты. Бардым. Ол кісінің сезінен ұққаным, 12 августа майданға эшелон алып жүреді екенбіз.

...Москваға келгенде азық-түлік поезының Ленинград бағытына жылжуына темір жол басқармасы рұқсат бермей, біздің өтінішімізден үзілді-кесілді бас тартты. Аталмыш жерге тек автомашина керуенімен ғана баруға болады екен. Бүкіл состав толы жүкті, оны жеткізетін көлікті кімнен алуға болады? Бір-екі мекемеге кіріп едік, маңына жолатпады. Сосын, тәуекел деп Кремльге, Михаил Ивановичтың қабылдау бөлмесіне тарттым.

— Кім келіп тұр деп айтайын,— деді кезекші секретарь.  
— Мамлакат Нахангова... Тәжікстаннан деңіз.  
— Кіріңіз!

Есікті жүрексіне аштым. Баяғы болме. Баяғы орындықтар. Борі де сол қалпы... Тек үлкен кісідеға өзгеріс бар сияқты. Қартайып кетіпті. Оның алғашқы сөзі: — Сен осында маедің, қызыым, — болды.

— Иә, Михаил Иванович!

Сәлемдесіп болған соң келген шаруамды баяндадым.

— Көмектесуге болады. Көмектесеміз, — деді ол кісі мені әбден тындал болып. — Тек менің сізге бір өтінішім бар. Ол: “Борі де Отан үшін, бәрі де майдан үшін!” — деген ұранға үн қосқан тәжік бауырларға рақмет! Елге осы сәлемімді айтыныз!

Үш күннен соң 20 жұқ машинасы солтүстік батысқа бет алды. Кабина ішінде келе жатқан біздер сол сәтте алыс республика өкілдерінің өтінішіне сергек қоңылмен қараған Кремльдегі сезімтал карт кісіге — Бүкілодақтық төрағаға іштей алғыс айтуда едік.

...Біздің әңгімелескенімізге біраз уақыт өтті. Мамлакат апайдың манадан бергі айтқан әрбір созі, әрбір пікірі менің коз алдымға жаңа бір ерлік елестерін өкелгендей. Әйтсе де ол кісіге кояр сауалдар өлі де барышылық еді.

— Апай, — дедім мен келесі бір сәтте. — Манаңы бергі әңгіме барысында біз сізден отызының жылдардағы пионер, комсомол тарихының кейбір беймөлім жақтарынан, олар жүргізген жұмыстардан мол мағлұмат алғандай болдық. Үстіміздегі жыл — Ленин комсомолының 60 жылдық мерекесіндей. Ендеше, Одақ комсомолиясының өз өмірінізге тікелей қатысты бір сәтін айтып өтсөніз...

— Комсомол — менің өмір мектебім. Комсомол мені оқытты, өсірді, тәрбиеледі. Соңықтан да осы идеялық саяси шындалу мектебіне мен әр уақытта лайық болуға тырыстым. Соның бірі — 1945 жылы Лондонда өткен Жастардың Бүкіл дүниежүзілік конференциясына қатысқан кезең.

— Бұл конференция казіргі Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестивалінің бұрынғы атындей.

— Иә, иә. Айтпақшы, Мәкеңмен, сіздердің Мәлік Габдуллиндерінізбен сол сапарда танысқанмын.

Әңгіме кайта жанданды.

— Демократиялық жастардың дүниежүзілік федерациясын күрмак болған бұл тұнғыш форумға біздің елден 75 адам

бардық. 1945 жылдың 27 октябрінде Шереметьево аэропортынан үшкап торт “Дуглас” самолетіндегі 9 Совет Одағының Батыры, подполковник М. Габдулин, Эстония комсомолы Орталық Комитетінің секретары А. Мери, үшкыш Д. Глинка, генерал Г. Бакланов және атақты биші О. Лепешинская, осы күнгі белдіғалым Г. Ломидзе бар еді.

Конференция 29 октябрьде Лондоңдағы Альберт-холл концерт залында ашылды. Оған дүниежүзіндегі 63 елден 437 делегат катысты. Баяндарларда, жарыссездерде түрлі пікірлер қақтығысы болды, әрине. Біреулер өз еліндегі жоқшылықты айтса, енді бірсулері жақыныңда жаңындағы көр деп діні уағыз айтады. Бір таңғаларлығы мұнда күні кеше ғана дүниежүзілік екінші соғыста қарабет болып жеңілген фашизмді жақтаушылар да жоқ емес. Бомба үнінің тынғанына бес ай болмай жатып, 50 миллион адам опат болған зұлым кезеңді ұмыта бастағаны ма шынымен?! Олардың данғаза, дәйектес әрекеттерін совет делегациясының жетекшісі, ВЛКСМ Орталық Комитетінің сол кездегі бірінші секретары Н. А. Михайлов конференция ашылғаннан кейін үш күннен соң, 2 ноябрь күні сойлеген сөзінде накты дәлелдермен айыпта, реакциялық пікірдің тас-талқанын шығарды. “Фашизм дегеніміз, — деді ол өз сөзінде, — бұл бүкіл әлемге өзінің қарақшылық, тонаушылық, адамзатты азаптаушылық саясатымен масқара болған идеология. Өзіміз катысып отырған конференцияда фашизмнің екінші дүниежүзілік соғыстагы қылмысты әрекеттерін өшкерелемеу деген сөз, ол — бейбітшілік сүйгіш елдердің алдына жасалған сатқындық болып табылады”.

Найзағайдай жарқ еткен осы қуатты үнді одан кейін американ жастар делегациясының мүшесі Томмас Нейл, ағылшын студенті Брюс Винсент қуаттап әкетті.

Конференцияның тамырын терен жаюы, болашақта оның үлкен қозғауышы күшке айналуы үшін бұдан соң да біздерге, совет делегациясына, көп жұмыс атқаруға тұра келді. Оны абыраймен орындағық та. Шетелдегі арандату топтары Жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының жұмысын ақсату үшін бар құйтырқыны жасап бақты. Соның бірі мынау еді.

— Сіздер неге құдайсыздықты уағыздайсыздар, — деді кезекті бір пікір алысу кезінде қөзілдірікті жігіт. — Дінге неге қарсысыздар?

— Бұған кінәлі өздеріңіз, ағылшындар ғой, — деп жауап берді біздің делегацияның жетекшісі Николай Александрович Михайлов.

— Неге? — деді дау иесі.

— Ағылшын Чарльз Дарвин “Түрлердің шығуы” деген еңбек жазып, құдайсыздықты уағыздауға бірінші бол негіз салды емес пе?..

Бұл жауапқа ел ду күлді, арандатуышының үні өшті.

Бұл біздің делегацияның басындағы бір ғана жайт. Ал басқа елдерден келген жастар өкілдеріне осындай қанша байбалам салынды десенізші. Соған карамастан конференция ойдағыдай өтті. 7 ноябрьдегі секция мәжілісінде Устав жобасы бекіді. Онда Демократиялық жастарлық Бүкіл дүниежүзілік федерациясы деген аты айқындалды. Жастар форумының жаксы өтіп, бұл үйымның саяси жағынан бел алғып нығаюына совет делегациясының сінірген сибірге өте зор болды.

...Кеш. Ымырт үйірліп келеді. Құні бойғы қозғалыстан шаршаган қала қошелерінің қымқуыт тіршіліктен сәл саябыр тапқан кезі бұл. Үй иесімен әңгімелесіп, қоштасып шыққаныма біраз уақыт өтсе де менің ойымнан қөкірегімде үялап қалған жылы әсер кетер емес. Осы киялдың құшағында конак үйге беттедім.

\* \* \*

...Аэропортта тұрмын. Енді аз уақыттан соң самолетке отырғызу да басталмақ. Әлденеге ойым кетіп, телефон-автоматқа қол создым. “21078” деген сандарды теріп бола бергенде, ар жақтан таныс дауыс естілді.

— Апай...

— Қайтып баrasың ғой, шамасы?

— Иә.

— Сау бол, қалқам. Айтпакшы, Мәлікке.., Фабдуллинге менен көп-көп сәлем айт.

— Кешіріңіз... Сіз, білмеуші ме едіңіз? Ол кісі...

Сол сәтте телефон үні үзіліп кетті. Мен тілімді тістедім.

...Самолет пропеллері дүріл қакты. Салондағы жолаушылар болса тіпті бейқам. Тек мен ғана мазасызыбын. Бәрі де әдемі басталып, әдемі аяқталған кездесудің жаңағы бір сәттегі

окиғасы ойымнан кетер емес. Бұлдірген өзім. “Қап!” — дедім. Даусым шығып кетті. “Қап! Мәлік ағаның 1973 жылы қайтыс болғанын бұл кісі естімеген екен ғой. Әттеген-ай, ә... Қарт адам мазасызданатын болды-ау енді...”

1977 жыл.

*Авторлық анықтама.* Кеңестік дәүірдегі аты азызға айналған бұл адаммен біз 1977 жылғы желтоқсан айында Душанбеде кездескен едік. Мамлакат атай ол кезде Тәжік мемлекеттік университетіндегі ағылышын тілі кафедрасының менгерушісі болатын. 1996 жылғы мамырда Алматыдағы опера және балет театрында ақын Олжас Сүлейменовтің 60 жылдық мерейтойы өтті. Сол салтанатқа Душанбеден көрнекті тәжік ақыны, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты Момын Қанағаттың келіп қатысқаны бар. Үзіліс аралығында біз құрметті қонаққа сөлем беріп, Мамлакат Нахангова туралы сұрағанымызда: “Ол аяулы жсан енді арамызда жок. 1992 жылы бақылыққа аттанған”, — деп жауап берді.

мінаг - "Інж", мінаг та під час цього відомої історії  
виявився також СУРІНІМІСІКІНІЙ, який став кандидатом  
на посаду міністра

## Алексей ЛЕОНОВ



1979 жылдың 24 октябрінде астанамыз Алматыдағы “Қазақстан” қонақ үйінің астынғы қабатында орналасқан баспасөз орталығы өзгеше бір қарбалас күйге тұсті. Мұндай көрініс осыдан екі ай бұрын болғаны бар. Ол кез — совет-вьетнам жастарының IV достық кездесуі болса, ендігі дүбір “Комсомольская правда” газетінің жулдесі үшін Алматыда өтетін Бүкілодактық ГТО жарысына әзірлік.

Ұйымдастыру комиссиясының шешімімен баспасөз орталығына кезекшілік етуге бекітілген республикалық жастар газетінің қызметкерлері өз жұмыстарына қызу кірісіп кеткен болатын. Алғашқы күннің көп уақыты одақтас республикадан келген журналистерді тізімге тіркеумен, қонақтарға анықтамалық бюллетендерді тапсырумен өтті. Осы міндеттерді орындаумен бірге олар бір нәрсеге ерекше елегізулі еді. Ол — ГТО жарысына екі мәрте Совет Одағының Батыры, авиация генерал-майоры, космонавт-ұшқыш Алексей Архипович Леонов қатысады деген хабар.

Көгілдір космос өлемінің тылсым таңғажайыптары мен құпия жұмбактарын ашуда асқан ерлік пен батылдық көрсеткен жан бұл сапарында өткізілуге тиіс спорт бәсекесінің бас төрешісі міндеттін атқармақ. “Космонавт Алматыға келіп те қойыпты. Бүгін кешке баспасөз орталығының ұйымдастыру шараларымен танысады екен”, — деген ауызекі әңгімeden хабардар болған біздер оны асыға күттеде едік. Мақсат — баспасөз конференциясы бола қалған жағдайда оған қатысу, космонавтқа сұрақтар қойып, оның лебізін тыңдау.

Бірақ қонақ ол күні мұнда келмеді.

Ертеңіне дүбірлі жарыс дүркірей басталды да, баспасөз орталығындағы араның ұясындағы гу-гу етіп жүрген жүрт сонда кетті. Бұл жерде қалғанымыз — залдың әр түкпірінде отырған кезекшілер ғана.

...Сағат күндізгі 12-ге таянғанда, кіре берістегі бөлмeden екі-үш адамның аяқ басқан дыбысы естілді. Олар жақындай бергенде, назарымыз ортадағы кісіге ауған еді. Суреттен көріп жүрген таныс бейне. “Сол, — дедік біз іштей. — Соның өзі!”  
— Сәлем, достар!

Жұмсақ үнді ақжарқын жан осылай деп бәрімізбен қол алысты да, шеткөрілеу тұрган телефонға беттеді. Космонавтың сөзінен Орталық стадионда болып, енді кросс өтіп жатқан Баум бағына кетіп бара жатқанын анғардық.

— Бәлкім, үлгеріп те қаларсыз. Мен сізді осы арадан күтейін онда, — деді ол өзі хабарласып отырган адамға. Сойтті де орнынан ширақ көтеріліп, залдағы корнекі құралдарды, информациялық бюллетенъдерді зер салып қарай бастады.

Алексей Архипович Леоновтың мұнда біраз аялдайтынын білген екі-үш жігіт одан автограф алуға ыңғайланды. “Огонектың” 1975 жылғы июль номеріндегі “Союз” — “Аполлон” корабльдерінің түйісүін бейнелейтін суретті қыса ұстап біз де кезекке тұрдық. Ортасынан бүктелген журнал мұқабасының ішінде баспасөз конференциясында керек болып қалар деп әзірлеген сұрақтарымыз және бар. Ондағы ой — космос батырымен әңгімелессек деген өтінішімізді сездіру.

Алдыңғы екі жігіттің открытыкалар буклетіне қол қойып берген автограф иесі біз ұсынған “Огонек” мұқабасын аша берді де, жеңіл жымиды. Содан соң газеттің фирмалық бланкасына басылған сұрақтарды шолып отіп, оның орта тұстагы екеуіне белгі соқты.

— Үақыт аз, сұрақ көп, — деді озілкеш қалпынан таймаған космонавт.

— Егер мүмкіндігіз болса...

— Дәл қазіргі мүмкіндік — 15 минут. Бәріне үлгере аламыз ба? Дегенмен мына екеуіне жауап беруге болады.

Алексей Архиповичтің жауап беруге тоқталғаны төмендегілер еді. Оның біріншісі — “Сіз космонавтар арасында ашық космосқа шығу мүмкіндігіне ие болған жандардың алғашқысысыз. Бізді 1965 жылдың мартаңда “Восход-2” кораблі сапарындағы ғарыш кеңістігінен өзіңіз байқаған нәрселер көп қызықтырады?” — дейтін сұрақ та, екіншісі — “Союз” — “Аполлон” космос корабльдерінің түйісіү және ондағы халықаралық экипаж жұмысына тоқталсаныз?” — деген өтініш болатын.

...Космонавт алғашқы сұраққа жауап беріп отыр.

— Оқиға 1965 жылдың 18 мартаңда, сағат (Москва уақытымен) 11-ден 30 минут өткенде болды, — деді Алексей Архипович. — Люктен қалқып шыққан менің жанарыма ең алғаш ілінгені төмендегі күреніткен Қара теңіз бен оның жағалауындағы аттың тағасындаи боп иілген Кавказдың

қарлы шындары болды. Жоғарыдан қарағанда осы аймақтағы Цемес бухтасы қақтаған күмістей созылып келіп, жанағра бір жарқ етті де, келесі сөтте оның жалғасы ұлудай шашылған Сочи санаторийлеріне қарай ойысты.

“Восход-2” кораблінің жақтауынан ажырап, бойымды кеңістік олеміне үйреткен соң, мен өзімді еркін сезіне бастадым. Жерден жүздеген шақырым биіктегі табан тірер бұдыры жоқ ғарыш мұхитында сағатына 30 мың километр жылдамдықпен зымыраған корабльден қалыспай, әуеде қалқып келе жатқан адамды қозға елестеткен жан болса, онда оны ертегінің кейіпкеріне балар ма еді, қайтер еді?! Бір қызығы, соншалық үшкыр жүрісте маған ешбір кедергі, яки физикалық кері әсер ету заңдылығының белгілері білінбеді. Білінгені — жер рельефинің кірпік қаққан сайын арта қалып, ауысып отыруы еді. Жаңаған Қара теңізді көрсем, енді Еділ.., одан соң Орал тауларының үстінен өтіп бара жаттым.

Біраздан кейін денемдегі скафандр мен корабльдегі люкті жалғастыратын серіппелі арқанды ұзарта отырып, кеме қабырғасынан алыс кеттім де түрлі жаттығулар жасауға кірістім. Турниктен айналғандай қымыл жасағанымда, жердегідей кедергілер тіптен сезілген жоқ. Бұл жаттығуларда су бетіндегі қалтқыдай, егер одан да дәлірек айттар болсақ — бобектердің өзімізге таныс ойыншығы “Ванька-встанька” қимылындағы жеңіл аунақшыдым да отырдым.

Ғарыш кеңістігінде болған аз уақыттың ішінде тағы неңдей жай есте қалды дейсіз ғой? Оған космостық ұшу сапарының жоспарында бар тапсырма — корабльдің сыртқы қабырғасындағы тәжірибе жүргізу үшін қойылған дестальдарды бұзып, қайта құрастыру жұмысының жүзеге асқандығын айтуга болады.

Анау-мынау кілтипанды жөндең, ары қарай жүріп кете беретін жер бетіндегі техника иелерінің мүмкіндігін космос кеңістігінде де байқап көрсе деген қиялдың алғышарттары сол жолы жасалды деуге әбден негіз бар. Олай дейтінім — кеңістікте қалықтал келе жатқан мен жоғарыдағы жайға қоз жеткізу үшін кеменің бүйіріндегі фотокамералардың жамылғысын сыпырдым да, содан аз уақыт өткен соң, объектив әйнектерінің какпағын бұрап алдым. Мұны не істесем екен? Қажеті жоқ дүниені ғарыш кеңістігіне қалдырып кетсем ештеңе ете қоймас деп, фотоаппарат объективінің какпағын алға қарай құлаштап лактырдым. Кішкентайған

бұл бөлшек бөтен жерді жатырқағандай алғашқыда менімен бірге жарысып отырды да, артынан біртіндеп кеңістікте қалықташ қала берді.

...Ендігі әңгіме — космос бояулары жайында. Бірер сөзben айтқанда, ол маған жердегі сәулелерге қараганда негұрлым ашық, спектрлі түске жақын шұғыласымен есте сакталып қалды.. Ал жердің түн түмшалаган жарты бөлігі — өзіміз көріп жүргендегіден де қаранғылау екен.

## II

Белинский көшесінің бұрылыс-бұрылысымен бұрандаған автобус күзгі жаңбырдан кілкіген суды шашыратып келіп, Третьяков айламасына тоқтады. Бұл жерден енді Баум бағы да алыс емес. Онда ГТО-дан жарыс өтіп жатыр. Біз соған келеміз.

Кеше космонавтпен арадағы әңгіме аяқталмай қалған еді. Алексей Архипович өзінің көбінесе осы арадағы спорт жарыстарының басы-қасында жүретінін ескертіп, келесі әңгімені сонда жалғастыруға мүмкіндік туып қалатынын айтқан болатын.

...Космос батырымен арадағы әңгіме бұл жолы да ешбір шегініссіз, тұра кешегідей, болған оқиғаны дәлме-дәл суреттеуден басталды. Сөз етіліп отырған тақырып — 1975 жылғы “Союз” — “Аполлон” халықаралық космос экипажының жұмысын ол былайша баяндаған отыр.

— 7 иуольдің түнінде “Союз-19” мен “Аполлонның” ара қашықтығы 2150 шақырымға шендерес келді. Ал ертенгі сағат 11-де ол 1405 шақырымға жуықтады. Арада бес сағат өткенде, ғарыш кемелерінің екі арасы 370 шақырымға таянды да, экипаж мушелері бір-бірімен ультра қысқа толқындағы радио байланысы арқылы хабарласа бастады.

Жер шарын 35-ші рет айналып келе жатқанымызда, Валерий Кубасов орталыққа “Аполлон” мен біздің арамыздың жақындауына 48 миль қалғандығын баяндағы. Космостық ұшуды басқару орталығы осы хабардан кейін корабльдердің бір-бірімен түйісуін іске асыруға рұқсат берді.

...Міне, “Аполлон!” Ол телеэкранда бізге тіптен жақын-ақ қалды. Бес... үш... бір метр... Содан соң корабль корпустарының жанасуы... Операция аяқтала бергенде, мен микрофонмен ағылшынша былай дедім:

— Сәлем, Том! Көріп отырмын, люктер шебер киуоласты.  
Енді сіздермен төс түйістіру де алыс емес сияқты.

— Рақмет, Алексей! — деді ар жақтан орысша тіл қатқан  
Стаффорд. — Сіздермен кездесуді қуана күтеміз.

...Минут сайын ғарыш кеңістігіндегі космонавтар  
кездесуінің көптен күткен сәті жақындал келе жатты.

— Абайланыз, төртінші люкті ашамыз... Содан соң үшінші  
люк, — деді Валерий.

— Сізді түсіндім.

Люк есігінен бірінші бол Страффорд көрінді. Міне,  
гарыштағы қол алысу!

— Сәлем, Алексей! Сәлем Валерий! Жағдайларыңыз қалай?

— Гиед ту си ю! (Сізді көргеніме қуаныштымын!) — деймін  
мен.

— Бері өтініздер, — деді ол нақ бір Оклохомдағы өз үйінің  
табалдырығында күтіп тұргандай жымия күліп.

— Жо-жоқ, алдымен бізге келініздер, — дейді оған  
Валерий.

Алғашқы күнді Страффорд пен Слейтон бізде өткізді.  
Мұндағы жұмыс барысы СССР мен АҚШ-тың мемлекеттік  
жалауларын бір-бірімізге табыс етуден басталды да, оның  
соны ғарыш кеңістігіндегі тұнғыш түйісу жөніндегі анықтама  
— халықаралық авиация спорт федерациясының қуәлігіне  
қол қоюмен, биологиялық эксперименттерді жүргізу үшін  
пайдаланылатын приборлар алмасуымызбен аяқталды.

...18 июль күні “Аполлон” салонына үш рет барып қайттым.  
Бұл кезде менің “Союз-19-дағы” орнында Вэнс Бранд жұмыс  
істеді де, “Аполлондағы” қызметті Страффорд, Слейтон үшеуміз  
бірігіп аткардық. Ал халықаралық космос еkipажының одан  
кейінгі жағдайы, жерге қалай қонғаны ТАСС тілшілері мен  
орталық баспасөздегі ғылыми шолушылардың репортаждары  
арқылы бәрінізге белгілі болса керек.

### III

Космонавт Алексей Архипович Леоновпен “Қазақстан”  
қонақ үйінің баспасөз орталығы залындағы және Баум  
бағындағы аз ғана уақыттық сұхбаттан кейін Қазақстан  
ЛКСМ Орталық Комитетінде кездестік. Ол астанадагы мектеп  
окушыларымен жүздесіп, бұлдіршіндердің сұрақтарына жауап  
берді.